

6. Жүсіп Баласағуни. Құтты білік //Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2005. – Т. 4: Ислам философиясы. – 658 б.

### **Жаңаарқа өңірінің ән-күй өнеріндегі ерекшеліктер**

Мейрман А.М.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С. Қ  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Адамзат табиғаттың тал бойынан жаралып, сол он сегіз мың ғалам тіршілігінің иесі жетілдірілген аса күрделі де асқан кемеңгер дәрежесіне көтерілді, бүгінгі таңғажайып өркениетті тудырды. Сөйте тұра, әлі күнге табиғат анасына алшақтай алмайды. Өйткені қандай данышпан болса да ол – туған жерінің бір бөлшегі, сол жер ананың өнімінен нәр алып, сол жерге кіндігінен берік байланған, тіпті ақыл санасына дейін табиғаттың әсер көркімен бірге құлпырып, бірге гүлдер толыспақ. Әсіресе әсерленгіш дарынмен туатын жандар өзі жаралған жердің көркімен тығыз байланыста өседі. Арқада ақиық ақындар, сал-серілер, дәулескер күйшілер мен айтулы әншілердің көп болуы сол ақиқаттың бір көрінісі дер едім.

Жер үстіндегі бар сұлулықты бір бойына жинап алған Сарыарқа аймағын ойша шолып шық та өз заманында сәнділіктің символына айналған Сәкеннің іші-сыртына үңіл. Қандай ғажап ұқсастық! Сардар ақын жан сұлулығы мен тән сұлулығын, көрік пен көңіл байлығын осынау сиқырлы сымбаттан жаралған Сарыарқадан алғандай емес пе?! Екеуінде ажыратып алғысыз. Міне, адам мен туған жердің астасып кетуіне дәлеліміз осы болар.

Дарын иелері мен туған жердің қасиетін осылай түсініп, осылай қарайтын болсақ Сәкен туған сәнді аймақ ертеден өнер дарыған жер екенін білеміз. Яғни ақын дүниеге келген Жаңаарқа өңірі ежелден талантқа бай екенің байқаймыз. Сондай өнеге құйқалы өңір, салиқалы аймақ Сәкен сынды ақынның дүниеге келу қамың ертеден жасағандай әсер аласың. Өнер иелері қор жинаған киелі жерде ғана аса ірі тұлғалар туары хақ екенін ойлайсың. Өйткені, ежелгі заманнан бері бұл төңіректе не бір өнер иелері өмір сүрген.

Осынау бойына өнер тұнған аймақта бүгінде Сәкеннен жұққан жұқана, ел жүрегінде қалған өнер дәні бар. Сол асыл дәндер жетіліп шыққан сайын жұртшылық бір тамсанып қалады. Зерттеу жұмысымыз сол өнерге талпынған Сәкен ұрпақтары жайлы сыр шертеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Жаңаарқа жеріндегі көптеген атақты күйшілер мен әншілер өмір сүргендігі аян. Жаңаарқаның өнерге бейім халқына әнші-сазгерлер Мүсәйіп пен Сапалайдың, күйшілер Сайдалы Сары Тоқа мен Дайрабайдың, қобызшылар Ықылас, Әбікей, Дәулеттің ықпалы мол болған. Дәулет Мықтыбаевтың әкесі Аупықтың ауылы Қарағаш болысына қараған және Шоңның ауылымен жапсарлас отырған. Шоңның Ахметжаны да ән-күйге әуес адам болғаны белгілі. Ахметжанның «Солқылдақ», «Әттеген-ай», атты күйлері болған. Сайдалы Сары Тоқаның күйлерін Ұлмағанбет, Сыздық, Иса, Көкен, Алшынбек, Өткөз күйшілері шебер тартқан. [1,235 б.]

Шертпе күйдің шеберлеріне тоқтала кетсек, өзімнің ұлы атам Ұлмағанбеттен бастағанымыз жөн деп білеміз. Ол 1840 жылы Ақтау ауылында дүниеге келген. Жастайынан алғыр болып өскен. Сайдалы Сары Тоқаның тартқан күйлерін киіз үйдің сыртына келіп тұрып өзіне қайталап тартып береді екен, мұны жақтырмаған Сайдалы Сары Тоқа оған: «Ауылда жүріп, екі күйші атанбайық, сен менің күйлерімді тартушы болма», - деп ұрысса керек. Бірақ сонда да құйма құлақ, алғыр Ұлмағанбет Тоқаның күйлерін қағып алып тарта берген. Ақырында, Тоқа оған риза болып, жанашыр аға, ұлағатты ұстаз бола білген.[2.77 б.]

Ұлы атам әйгілі күйші Сүгір Әлиевпен Шу бойында дәмдес болып, күй тартысына қатынасқан, сонымен қатар, баласы Асылбекке күйлерінің шығу тарихын айтып, Тоқа, Сүгір, Қыздарбектің күйлерін үйреткен.

Ұлмағанбет күйші туралы Қазақ энциклопедиясының XI томында жазылған. Күйшінің Асылбек атты ұлы, Балбөпе атты қызы болған. Мен Асылбек атадан тараған немересі боламын.

Арқа өңіріндегі әйгілі домбырашы, шертпе күйдің шебері Мұхамеджан Тілеуханов. Ол жалпы Арқа өңірінен шыққан дарынды күйші-композиторлардың орындаушылық дәстүрлерін жалғастырып, олардың шығарған күйлерін ел санасына жоғары талап деңгейінде жеткізіп жүрген өнер қайраткері екендігі мәлім.

Мұхамеджан Арқаның атақты күйші-композиторы Сайдалы Сары Тоқа жөніндегі шамалы деректерді әңгімелеп, дарынды бабаның елге белгілі «Төрт толғау», «Бел шешер», «Терісқақпай», «Боз айғыр», «Азамат», «Ерке қыз», «Жалғыз шек», «Аққу», «Қосбасар», «Саржайлау» күйлерін басты репертуары еткен. Сондай-ақ күй күмбезі Тәттімбеттің, Әшімтайдың, Сүгірдің, Әбікен Хасеновтың күйлерін де зор шабытпен толғайды.

Бүкілодақтық және республикалық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мұхамеджан Тілеуханов облыстық «Ұлытау», аудандық «Жаңаарқа» ансамбльдерінің құрамында жүріп еліміздің үлкенді-кішілі қалаларында өнер көрсетіп, Индия, Германия, Франция тағыда басқа мемлекеттердің сахналарында қазақтың күй өнерінің құдіретін танытқан.

Туған өлкем Талдыбұлақ, талай тарихтың куәсі іспеттес. Белгілі ғалым – агроном Арыстанғали Балтабаев мынау Ескенеде не бір игі жақсылар, аузы дуалы билер, асқан әнші - күйшілер бас қосатын.

Ескене-ау, Ескене

Болмағандай ештеңе,

Қызығы асып, төгілген

Кешегі күй есте ме, - деген де сөзі бар, дейтін. [3.58 б.].

Осы әсем өңірдің айналасында әділдігімен елге аян Телғозының Шоңы, оның замандас – құрдастары атақты күйші-композитор Сайдалы Сары Тоқа, Бала бақсы ғұмыр кешкен. Ән мен күйді серік еткен өнерлі өркендері қаншама.

Солардың бірі Пазыл Тұтқабеков. Ол республикалық, облыстық теледидардан, радиодан өнер көрсетіп жүрген талантты домбырашы екендігі белгілі. Ол «Қосбасардың» төрт түрін, оның ішінде Тәттімбеттің «Қосбасарын», Сүгірдің «Кертолғауын», Ықыластың «Шыңырау» күйін үлкен тебіреніспен ойнайды. Әсіресе, «Шыңырау» күйіндегі қобыз сарының аунытпай келтіріп, күй табиғатын дәлме-дәл береді.

Әлемге әйгілі, қазақтың мақтанышы Қайрат Байбосыновты жер шарындағы көптеген елдің халықтары жақсы біледі. Оның асқақ дауыспен салған шалқар әніне Бирма, Сингапур, Шри-Ланка, Малазия, Индия, Пакистан, АҚШ, Франция, Италия, Австрия және басқа мемлекеттердің жұртшылығы ризалықпен қол соқты. Бүгінгі таңда Қ. Байбосынов асқақ әнімен ел құрметіне бөленіп, халық әндерінің ел арасында кеңінен таралуына зор үлес қосуда, өзінің ізбасарларының, шәкірттерінің тәлімгері екендігі барша жұртқа аян.

Жаңаарқаның тағыда бір саңлағы, ол Бекболат Тілеуханов. Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясында 2-курс оқып жүргенде әнші Әміре Қашаубаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған республикалық конкурста бірінші орынды жеңіп алды, өнерлі жастардың – «Жігер» фестивалінің лауреаты. Бүгінгі қоғам қайраткері, ерекше дарын иесі Б.Тілеухановтың телегей теңіздей шексіз даусында кең сахараның қайталанбас әуезді сарыны бар.

Өзіндік ерекше өнері бар, талантты әншілер Қорабай Есенов, Ғалым Мұхамедин халқымыздың ыстық ықыласына бөленуде.

Ал енді өзімнің мақтан тұтар атам - Ұлмағанбетов Мейрам Асылбекұлы туралы тоқтала кетсем. М. Ұлмағанбетов 1938 жылы Жаңаарқа ауданының Алғабас жеріндегі Қарауылтөбеде дүниеге келген. Бала жасынан домбыраға құмар болған ол, өзінің жақын ағасы Спатаев Матайдан, есейген кезде Бозмағанбетов Амантай, Битенов Мұхит, Жұмабеков Төлеулерден күй тартып үйреніп, үлкен өнердің қыр-сырына қаныққан.

1957 жылы Алматы қаласында өткен студенттердің Бүкілқазақстандық фестиваліне қатысып, Құрманғазының «Балбырауын» күйін тартып, 18 жасында лауреат атағына ие болады. Жас күйшінің талантына тәнті болған сол кездегі белгілі композиторлар Ахмет Жұбанов пен Нұрғиса Тілендиевтер оған баталарын беріп, консерваторияға оқуға шақырады. 1978 жылы Алматыдан арнайы іс-сапармен шығып, қазақ радиосының қорына ескілікті ән күйлерді жинаған Илия Жақанов атамның орындауында Сүгірдің «Қосбасар», «Аққу», «Қаратаудың шертпесі» тағы басқа күйлерін жазып алған.[4.109 б.].

1983 жылы жазушы-ғалым, өнер зерттеушісі, Ақселеу Сейдімбек Қазақстан Ұлттық телеарнасы арқылы Сайдалы Сары Тоқа күйшіге арналған хабар ұйымдастырып, оған М. Ұлмағанбетов пен М. Тілеухановты шақыртады, осы бағдарламада жаңаарқалық күйшілер қалың бұқараға соншалықты таныс емес «Төрт толғау», «Сарыжайлау», «Қосбасар», «Бозайғыр», «Қыз қайғырған» күйлерін орындайды.

М. Ұлмағанбетов репертуарында 50-ден астам күйлер бар, Құрманғазы, Дәулеткерей, Сайдалы Сары Тоқа, Түркеш, Сүгір, Дайрабай, Қыздарбек, Ә. Хасеновтың күйлерін шебер орындаушылығымен халықтың алғысына ие болған. Өзінің ұстазы Қыздарбеков Жұмағалиға арналған «Опасыз дүние жалған», сонымен қатар, «Қосбасар» күйлері халық арасында танымал. Елі құрметтеген, халқы қадірлеген М. Ұлмағанбетов өзінің ұрпақтарына қазақтың күдіретті өнерін дарыта білді.

Бүгінгі таңда Жаңаарқа өнердің жаңа шырларына аяқ басуда, оған дәлел өскелен ұрпақтың қазақтың ән-күй өнеріндегі жетістіктері.

Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша туған өлкемнің ұмытылып бара жатқан мұраларын қайта дамыту, оны жаңғырту баршамыздың перзенттік борышымыз деп білеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аманжолов Ә.Ж. , Ісләмов І.І. Жаңаарқа: ақпараттық танымдық кітабы.- Қарағанды: Мағжан, 2019.- 312 б
2. Мағзымұлы Ж. Жаңаарқа күйшілері. - Алматы: Үш қиян, 2005.-184 б
3. Оразов Н. Сарыарқа журналы. - 1992жыл наурыз. - 96 б
4. Жұмаділдин А. Жаңаарқа. - Алматы: Кенже – Пресс – Медиа, 2003. – 521 б

#### **Шығыс Қазақстанның киелі жерлері**

(жартас бетіндегі суреттер негізінде)

Назарова А.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Б.Б. Бесетаев  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстанның әр өңірі ерекше, әрі тарихқа бай, ғажайып ескерткіштерге толы. Соның бірі Шығыс Қазақстан облысы көне замандарда Еуразия даласында жүрген тарихи-мәдени үдерістердің қайнаған ортасында болған, әрі көшпелі тайпалар арасындағы тарихи-мәдени байланысты нығайтуда алтын көпір қызметін атқарған өлкелердің бірі. Шығыс Қазақстандағы анық әрі нақты зерттелген петроглифтердің көп бөлігі Қалба және Нарым жоталарында, яғни, Ертіс өзенінің жағалауында көптеп кездеседі. Ал Шығыс Қазақстанның солтүстік бөлігінде көбінесе сурет емес жазбалар түрінде кездеседі [1, с. 15].

*Ақбауыр* ескерткішін тұңғыш рет 1971 жылы З. Самашев ашқан. Бұл орын мен үңгірдің формасын неолит дәуіріндегі мал өсірушілер пайдаланған. З. Самашевтің пікірінше, формасы пирамида тәрізді, негізі тікбұрышты Ақбауыр шоқысының өзі байырғы адамның мифологиялық ойынша дүниенің ортасы, әлемдік тауға баланған. Үңгірдің солтүстік қабырғасына қызыл охра сырымен суреттер салынған. Төбедегі дөңгелек тесіктен түскен күн сәулелері жарықтандырып, ғарыштық жақындасу актісін жасаған деседі. Үңгірдің формасы адамның баспанасына ұқсас, ал қабырғадағы суреттер құпия діни рәсімдердің бір бөлігі